

Ауданың елді мекендеріне білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт салалары бойынша келген мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит тағайындау туралы

### ***Күшін жойған***

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы № 484 қаулысы. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2011 жылғы 11 қантарда N 4-8-197 тіркелді. Күші жойылды - Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 444 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2011.12.12 № 444 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7 бабының 4 тармағының 8) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Укіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" қаулысын басшылықта алғып, Құрманғазы аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 229-ХХV "Ауданың 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешімі негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданың елді мекендеріне білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт салалары бойынша келген мамандарға әр-қайсына жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы тағайындалсын.

2. Ауданың елді мекендеріне білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт салалары бойынша келген мамандарға әр-қайсына алты жүз отыз есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит тағайындалсын.

3. Қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтарынан пайда болған қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі:

A. Такешев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК